

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ КЕҢЕСІ
(ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС) ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Астана, 2018

Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, 2018 жылғы 30 қазандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары негізінде әзірленді және М.С. Нарікбаев атындағы KAZGUU Университеті-нің Академиялық және зерттеу кеңесінің (Ғылыми кеңесінің) қызметін ұйымдастыруды, оның өкілдігін, құрамы мен құрылымын қамтиды.

М.С. Нарікбаев атындағы KAZGUU Университеті Басқармасының шешімімен бекітілген

«_24_» _____12_____2018 ж. №_192__ хаттама

Осы құжатты М.С. Нарікбаев атындағы KAZGUU Университеті Басқарма Төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ	
I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
II. ҚҰЗЫРЕТТІЛІК	4
III. ҚҰРАМ	7
IV. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	8

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Академиялық және зерттеу кеңесі (Ғылыми кеңес) – бұдан әрі – «Кеңес», - M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің (бұдан әрі – Университет) білім беру және зерттеу қызметінде университеттің академиялық саясатын айқындау жөніндегі алқалы органы.
2. Кеңес университет Жарғысы Ғылыми кеңеске берген және оған университет Басқармасы берген өкілеттіктер негізінде жұмыс істейді.
3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, университет Жарғысын, университеттің Академиялық саясатын, Академиялық сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты және университеттің басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
4. Кеңес университет Басқармасының шешімімен қайта құрылуы немесе таратылуы мүмкін.

II. ҚҰЗЫРЕТ

5. Кеңес Университеттің білім беру, зерттеу және басқа да қызмет салаларында қолдану және түсіндіру кезінде Академиялық саясатты, Академиялық сапаны қамтамасыз ету саясатын және университеттің басқа да ішкі құжаттарын ұстануды қамтамасыз етеді.

6. Өзінің негізгі міндетін іске асыру мақсатында Кеңес:

6.1 университеттің барлық оқу нысандарындағы студенттерді қабылдау, ауыстыру және қалпына келтіру саясатын талқылайды және қабылдайды;

6.2 негізгі білім беру бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, бекітеді (Major);

6.3 университеттің академиялық және зерттеу бөлімшелері туралы ережелерді талқылайды және бекітеді;

6.4 оқу жылының қорытындысы бойынша күн тәртібіндегі міндетті мәселелердің бірі академиялық сипаттағы қолданыстағы нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Осы мәселе бойынша баяндамашы – Кеңес хатшысы;

6.5 Мәселе шешімінің қорытындысы бойынша Кеңес мүшелері өзгерістер тізілімін бекітеді;

6.6 университеттің академиялық бөлімшелері қызметінің Академиялық саясатқа сәйкестігін бағалау жөніндегі комиссияларды құрады;

6.7 Жоғары Құқық Мектебінің, Халықаралық Экономика Мектебінің, Жоғары Гуманитарлық Мектебінің, Бизнес Мектебінің, Халықаралық Журналистика Мектебінің және университеттің басқа да академиялық бөлімшелерінің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу жоспарларын талқылайды және бекітеді;

6.8 академиялық стандарттарды, жыл сайынғы білім беру және ғылым сапасын арттыру жоспарлары мен бағдарламаларын қоса алғанда, академиялық және зерттеу салаларында сапаны қамтамасыз ету және арттыру рәсімдерін реттейтін саясатты және басқа құжаттарды талқылайды және бекітеді;

6.9 университет ғылымын дамытудың басым бағыттарын қоса алғанда, оқыту мен зерттеу жүргізудің негізгі үдерістерін реттейтін құжаттарды талқылайды және бекітеді;

6.10 магистрлік және докторлық диссертациялардың тақырыптарын талқылайды және бекітеді;

6.11 Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты қоса алғанда, академиялық адалдық стандарттарын әзірлейді, талқылайды және бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар, білім беру мен ғылымдағы академиялық адалдықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша ағымдағы және қорытынды бақылауды және басқа да ішкі құжаттарды жүргізу қағидаларын енгізеді;

6.12 білім беру бағдарламаларын басқаруға, зерттеулер жүргізуге және білім беру сапасын қамтамасыз етуге және зерттеулер жүргізуге қатысты саясатты бекітеді;

6.13 Жоғары Құқық Мектебінің, Халықаралық Экономика Мектебінің, Жоғары Гуманитарлық Мектебінің, Халықаралық Журналистика Мектебінің, Бизнес Мектебінің және университеттің басқа да академиялық бөлімшелерінің өкілеттіктерін айқындайды және комитеттері туралы ережелерді бекітеді;

6.14 Жоғары Құқық Мектебі, Халықаралық Экономика Мектебі, Жоғары Гуманитарлық Мектебі, Халықаралық Журналистика Мектебінің, Бизнес Мектебі және университеттің басқа да академиялық бөлімшелері комитеттерінің өкілеттік шекараларына қатысты даулы жағдайларды шешеді және қажет болған жағдайда мектеп комитеттерінің шешімдерінің күшін жояды немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

6.15 Философия докторы (Ph.D.) және профиль бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі университеттің Диссертациялық кеңесі туралы ережені талқылайды және бекітеді;

6.16 Кітапхана және кітапхана комиссиясы туралы ережені талқылайды және бекітеді;

6.17 Білім және ғылым саласындағы халықаралық және ұлттық сыйлықтар мен марапаттарды алуға үміткерлер тізімін Басқарма Төрағасына ұсынады;

6.18 Басқарма Төрағасына «Құрметті профессор» атағын алуға үміткерлер тізімін ұсынады;

6.19 Басқарма Төрағасының ұсынысы негізінде немесе университет бөлімшелерінің өтініші бойынша университет бөлімшелерін құруға, қайта ұйымдастыруға немесе таратуға қатысты қорытындылар шығарады;

6.20 университет стратегиясына қатысты ұсыныстар береді;

6.21 басқа білім беру ұйымдарымен және ғылыми мекемелермен меморандумдар, келісімдер және ынтымақтастық бағдарламаларының мәтінін талқылайды және бекітеді, Басқарма Төрағасына немесе Провостқа осындай құжаттарға қол қоюға ұсыныс береді;

6.22 университеттің халықаралық және ұлттық зерттеулер жүргізуге өтінімдерінің этика және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігін растайды;

6.23 зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды айқындайды;

6.24 университеттің атауы мен логотипін пайдаланатын оқулықтарды, оқу құралдарын, монографияларды жариялау бойынша ұсыныстарды талқылайды және ұсынады;

6.25 Басқарма Төрағасының немесе университет бөлімшелерінің ұсынысы негізінде университет бөлімшелері туралы ережелерді бекітуге, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты қорытындылар шығарады;

6.26 білім алушыларды материалдық қолдау мәселелерін шешеді;

6.27 білім беру бағдарламаларының сапасына, ғылыми зерттеулер жүргізуге және университеттің академиялық қызметінің өзге де аспектілеріне әсер етуі мүмкін кез келген сипаттағы кез келген басқа мәселелерді талқылайды және шешеді;

6.28 университет Жарғысында және Басқармасының шешімінде айқындалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

6.29 Кеңестің өкілеттіктеріне, осы Ережені түсіндіруге және қолдануға қатысты кез келген дауларды шешеді.

III. ҚҰРАМ

7. Кеңестің құрамы осы Ережемен айқындалады.

8. Кеңестің дауыс беретін және дауыс бермейтін мүшелерінің дербес құрамы Басқарманың шешімімен айқындалады.

9. Басқарма Төрағасы Кеңестегі Төрағаның өкілеттіктерін берген Провост – Кеңестің Төрағасы. Ол болмаған жағдайда Кеңес Төрағасының қызметтерін Басқарма Төрағасы немесе Басқарма Төрағасымен және Провостпен келісілген өзге тұлға жүзеге асыра алады.

10. Кеңестің дауыс беруші *ex officio* мүшелері:

10.1 Басқарма Төрағасы;

10.2 Провост;

10.3 Жоғары Құқық Мектебінің Деканы (Директоры);

10.4 Халықаралық Экономика Мектебінің Деканы (Директоры);

10.5 Жоғары Гуманитарлық Мектебінің Деканы (Директоры);

10.6 Халықаралық Журналистика Мектебінің Деканы (Директоры);

10.7 Бизнес Мектебінің Директоры;

10.8 Әскери кафедраның жетекшісі (меңгерушісі);

10.9 International Office жетекшісі (Халықаралық ынтымақтастық бөлімі);

10.10 Тіркеу кеңсесінің жетекшісі;

10.11 Студенттік істер жөніндегі вице-провост;

- 10.12 Жоғары мектептердің Академиялық сапа және ғылым комитеттерінің төрағалары;
- 10.13 Студенттік ұйымның Төрағасы;
- 10.14 Жоғары мектептердің студенттері;
- 10.15 Жоғары мектептердің профессорлық оқытушылар құрамы;
- 10.16 Ғылым жөніндегі вице-проректор;
- 10.17 Кеңестің дауыс бермейтін мүшелері;
- 10.18 Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 10.19 Ақпараттық технологиялар бөлімінің жетекшісі;
- 10.20 Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының жетекшісі;
- 10.21 Стратегиялық жоспарлау және персоналды басқару департаментінің жетекшісі;
- 10.22 Сапаны қамтамасыз ету кеңсесінің жетекшісі;
- 10.23 Жоғары мектептердің білім беру бағдарламаларының жетекшілері;
- 10.24 Жоғары мектептердің Эдвайзерлер кеңсесінің жетекшісі;
- 10.25 Жоғары мектептердің Декандарының (Директорларының) орынбасарлары.

12. Кеңестің әрбір дауыс беруші мүшесі Кеңес отырыстарына қатысуға міндетті және шешім қабылдау кезінде бір дауысқа ие.

13. Кеңестің дауыс бермейтін әрбір мүшесі Кеңес отырыстарына қатысуға, кеңес талқылайтын барлық материалдармен танысуға құқылы. Кеңес өзінің отырыстарына қызметкерлерді, студенттерді немесе басқа ұйымдардың, мемлекеттік органдар мен мекемелердің өкілдерін шақыра алады.

14. Кеңес Төрағасы Кеңестің барлық отырыстарына төрағалық етеді және оның жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

IV. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

15. Кеңес отырыстары, әдетте, айына кемінде бір рет өткізіледі.

16. Кеңестің кезектен тыс отырысы Кеңес Төрағасының бастамасы немесе Кеңестің кез келген мүшесінің өтініші бойынша өткізіледі.

17. Кеңестің шешімдері Басқарма Төрағасының келісілген пікірі кезінде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде шешім қабылданбаған болып есептеледі, ал Төраға Кеңесте, оның ішінде келісім комиссияларын құру арқылы көпшілік дауысқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

18. Егер оған Кеңестің жиналысқа қатысқан дауыс беруші мүшелерінің 2/3-сі дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.

19. Әрбір отырыстың қорытындысы бойынша хаттама жасалады. Кеңес қызметін техникалық сүйемелдеу Кеңес хатшысына жүктеледі.

20. Кеңес хатшысы Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні өткен соң Кеңес мүшелерінің сұрау салулары бойынша кеңес отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелер ұсынады.

21. Кеңестің Төрағасы Кеңестің шешімдерін түсіндіреді.

22. Кеңес талқылайтын, қабылдайтын және бекітетін құжаттардың жобаларын Кеңес Төрағасы мен университеттің академиялық бөлімшелері ұсына алады.

23. Құқық Жоғары Мектебінің, Халықаралық Экономика Мектебінің, Жоғары Гуманитарлық Мектебінің, Халықаралық Журналистика Мектебінің, Бизнес Мектебінің Декандары (Директорлары) және университеттің басқа академиялық бөлімшелерінің басшылары білім беру және зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша құжаттардың жобаларын әзірлеуге және Кеңестің қарауына ұсынуға жауапты.

24. Кеңестің қарауына ұсынылатын құжат жобасында тікелей академиялық сипаты жоқ мәселелер қамтылған жағдайда, бұл мәселелер университеттің тиісті бөлімшелерімен келісіледі.

25. Кеңес отырысының күн тәртібі отырыстың болжамды күнінен кемінде бір апта бұрын қалыптастырылады.

